

## **Құпиялылық саясаты**

Сіздің «Транстелеком» телекоммуникациялық компаниясына сайтымыз арқылы берген мәліметтеріңіздің қауіпсіздікте сақталуы біз үшін өте маңызды және оның тек заңды мақсаттарда пайдалануы қадағаланады.

Біз сіздің жеке мәліметтеріңізді үшінші жақтарға ешқашан әдейі берілмейміз. Жеке мәліметтеріңізді қосымша рұқсатыңызды алмай біз тек сіздің тапсырысыңызды өңдеу үшін немесе заң алдында міндеттеміз болған жағдайда ғана пайдаланамыз.

Сіз өзіңіз берген мәліметтеріңізді бізге хабарласу арқылы әрқашан тексеріп біле аласыз.

### **Мәліметтерді қорғау**

Біз мәліметтерге заңсыз енуден, оларды өзгертуден, ашудан немесе жоюдан қорғау үшін шаралар қолданамыз. Бұған мәліметтерді жинақтау, сақтау мен өңдеудің ішкі тексерулерін өткізу және жеке мәліметтердің сақталатын жүйелеріне заңсыз қол сұғуға қарсы шаралар кіреді.

Тұтынушылардың жеке мәліметтерімен жұмыс істеуге «Транстелеком» телекоммуникациялық компаниясының жұмыс істеуіне, қызметтерін жақсартуы мен дамытуына қажетті жұмыскерлері, өтемшілері мен агенттеріне ғана рұқсат етіледі. Келісімде белгіленген шарттарға сәйкес, бұл қызметкерлер аталған мәліметтерді құпияда сақтау керек.

### **Cookie-файлдарын пайдалану бойынша компания саясаты**

Cookie (куки) – сайттан жіберілетін және пайдаланушының браузерінде уақытша сақталатын кішкентай мәліметтер фрагменті. Браузер кейін веб-сайтты тағы ашқан кезде cookie-ді веб-серверге қайтарады. Cookie-файлдары сіздің сайтты пайдаланудағы жеке қалауларыңызды ескеріп, сайтты келесі ашқанда сіздің жеке қажеттіктеріңізге сай ыңғайлауға мүмкіндік береді.

ttc.kz cookie-файлдарын сайтқа келушілердің ttc.kz сайтына қалай қолданатыны жайлы ақпарат жинау үшін, сайтқа кірушілердің жеке қалауларын (мысалы, ел, тіл) есте сақтау үшін және ретаргетинг мақсатында сайтты пайдаланушылардың профилін жасау үшін қолданады. Бақылау анонимді түрде жүргізіледі және сіз туралы ешқандай жеке мәлімет алынбайды.

ttc.kz веб-сайтына кіру арқылы, сіз «Транстелекомның» сіздің құрылғыңызда cookie-файлдарын орналастыратынына келісіміңізді бересіз.

### **Байланыс ақпараты**

«Транстелеком» тарапынан жеке ақпаратыңыздың қорғалуы туралы сұраулар немесе шағымдар үшін [support@ttc.kz](mailto:support@ttc.kz) электрондық поштасына хабар жіберіңіз. Біз сізге мүмкіндігінше жылдам жауап береміз.

Жеке ақпаратыңызды көру немесе түзету үшін немесе жеке ақпаратыңыздың пайдаланылуы бойынша шағым жіберу үшін тұлғалығыңызды растайтын көшірмемен бірге жазбаша өтінішіңізді мына мекен-жайға жіберуіңізге болады:

«Транстелеком» АҚ

Қонаев көшесі, 10

Астана, 010000

Қазақстан